Аңдатпа

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация
СРАПИЛОВ СҰЛТАНМҰРАТ МУХАМЕДОВИЧ

Тақырыбы: «АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА АТҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Мамандығы: 6D030100 – Құқықтану

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінгі таңда қоғам қызметін ұйымдастырудың сапалы өзге де қағидаттарын қалыптастыру жағдайында мемлекет осы процестерді өмір сүру қауіпсіздігі мен сапасына бейімділікпен тиісті құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Қазіргі заманғы технологиялар азаматтардың өмір сүру сапасын жаңа, анағұрлым жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін цифрлық экономиканың дамуына ықпал етті. Цифрландыру мемлекеттік институттарға автоматтандырылған басқару жүйелері арқылы халыққа бақылау, фискалдық, қаржылық, реттеушілік және өзге де қызметтерді көрсету кезінде уақыттық және қаржылық шығындарды қысқартуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік билік те жүріп жатқан үдерістердің ықпалымен сапалық өзгерістерге ұшырауда, ол басқару үдерістерінің жеделдеуімен, ішкі және сыртқы бақылауды дәлірек жүргізу мүмкіндіктерімен, енгізіліп отырған жаңа технологиялардың барынша кеңейген мүмкіндіктерінен туындайтын жаңа бастамаларға жедел жауап қайтаруға деген тұрақты қажеттілікпен түсіндіріледі.

Осындай өзара қатынастардың алдыңғы шебінде ең алдымен мемлекеттік басқаруды және реттеуді тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ сапалық өзгерістер мен түзетулерге ең алдымен ұшырайтын атқарушы билік тұрады. Цифрландыру үдерістерін талдау оның атқарушы биліктің құрылымына, жаңа мақсаттар мен міндеттердің пайда болуына байланысты билік жүйесі ішіндегі күштердің қайта бөлінуіне айтарлықтай ықпал еткенін көрсетеді.

Мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясы дәстүрлі мемлекеттік реттеу әдістерін өзгертіп қана қоймай, жаңа құралдардың пайда болуын ынталандырады. Мемлекеттік басқару жүйесінде заманауи технологияларды, әдістерді, нысандарды және цифрлық шешімдерді пайдалану мемлекеттік билік органдары, бизнес және халық арасындағы өзара іс-қимыл үшін жаңа жағдайлар мен мүмкіндіктер қалыптастырады.

Жалпы алғанда, қоғамның ақпараттандырылуымен байланысты атқарушы билік органдары қызметінде айтарлықтай өзгерістер болды. Керісінше, мемлекеттік билік те қоғам өміріне ақпараттық технологияларды одан әрі енгізуге айтарлықтай ықпал етті және етуде. Бұл өзгерістер арнайы нормативтік реттеумен қатар жүреді, ол неғұрлым «ақылды» технологиялардың енгізілу жағдайында стратегиялық сипат алып, мемлекет деңгейінде тұжырымдамалық құжаттар мен бағдарламаларға енгізіледі.

Мемлекеттік басқару жүйесіне ең жаңа технологияларды одан әрі енгізудің стратегиялық сипаты зерттеу тақырыбын таңдауды айқындады

Зерттеудің мақсаты – ақпараттық (цифрлық) қоғам жағдайында мемлекеттік басқару органдары қызметін жаңғырту жөніндегі ұлттық саясатты іске асыру мәселелерін реттейтін құқықтық нормаларға талдамалық шолу жасау және оларды одан әрі жетілдіру тұрғысынан қарастыру.

Мақсатқа сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттардың цифрлық реттеу құралдарын қолдану үдерісіндегі өзара ықпалы мен өзара әрекеттесуін қадағалау, осындай ықпалды бағалау және мемлекеттік және қоғамдық мүдделердің дамуын болжау жатады.

Көрсетілген мақсатқа жету келесі **міндеттерді** шешуді көздейді:

- қазіргі ақпараттық орта жағдайында мемлекеттік қызметтің аса маңызды бағыты болып табылатын мемлекеттің ақпараттық функциясының ұғымы мен мазмұнын талдау;
- ақпараттық қоғамның мазмұнын ашу және оны қалыптастыру мен дамытудағы мемлекеттің рөлін Қазақстан Республикасының мысалында талдау;
- мемлекеттік ақпараттық саясаттың ұғымы мен қазіргі мазмұнын талдау;
- ақпараттық (цифрлық) құралдарды пайдалану кезінде атқарушы билік функцияларының трансформациясын талдау;
- Қазақстанның мемлекеттік басқару аппаратының цифрландыруды енгізуден туындаған жұмысындағы өзгерістер туралы қорытынды жасау;
- цифрлық құралдар мен жасанды интеллектіні пайдалану процесіндегі құқық ғылымының рөлін айқындау;
- цифрландыру саласындағы құқықтық реттеу мәселелерін анықтау;
- цифрландыру мен жасанды интеллектіні қолдануға байланысты тәуекелдерге және оларды алдын алу мен ескерту проблемаларына назар аудару.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – ақпараттық (цифрлық) қоғам жағдайында атқарушы органдардың өздерінің міндеттері мен функцияларын іске асыру процесінде туындайтын қоғамдық-құқықтық қатынастардың жиынтығы.

Диссертациялық зерттеудің пәні – қазіргі заманғы ақпараттық (цифрлық) қоғам жағдайында атқарушы билік органдарының мемлекеттік басқару объектісімен өзара іс-қимыл үдерістерін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары.

Ғылыми жаңалығы Диссертацияның ғылыми жаңалығы посткеңестік кеңістікте алғаш рет Қазақстан Республикасының тәжірибесі негізінде цифрландырудың (бастапқы кезеңдегі ақпараттандыру және болашақта жасанды интеллектіні қолдану) және мемлекеттік басқарудың өзара ықпалына ғылыми талдау жасалғанында. Ерекше назар мемлекеттің ақпараттық функцияларының трансформациясына және жалпы ақпараттандыру жағдайында, сондай-ақ ақпараттық тәуекелдердің өзектілігі артып отырған жағдайда, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының қызметіне аударылған.

Жұмыста қоғам өміріне цифрландырудың әсер ететін қазіргі заманғы үдерістеріне тікелей және жанама ықпал ететін Қазақстан Республикасының қолданыстағы ақпараттық және өзге де заңнамасына кешенді талдау жүргізілді, ақпараттық қоғамдағы мемлекеттің ұғымы, мазмұны және рөлі туралы жан-жақты, негізделген ұстаным қалыптастырылды. Осы негізде мемлекеттік ақпараттық саясаттың авторлық түсінігі және оның маңызы берілді.

Атқарушы билік жүйесінің функциялары мен оның міндеттері мен қызметтерінің ақпараттық (цифрлық) құралдарды қолданған кездегі трансформациясына жан-жақты талдау жасалды. Цифрландыруға байланысты қазіргі тәуекелдерге ерекше назар аударылып, осындай қатерлердің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл мәселелерін құқықтық реттеудің перспективалары зерттелді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу келешегіне де тиісті көңіл бөлінді.

Қорғауға шығарылатын тұжырымдар:

1. Мемлекеттің ақпараттық функциясы ақпараттық саладағы мемлекеттік қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, ол жаһандық ақпараттандырудың объективті үдерістерімен айқындалады және азаматтардың, олардың бірлестіктерінің, қоғам мен мемлекеттің өзекті қоғамдық маңызы бар ақпаратқа деген қажеттіліктерін оны өндіру, тарату және заңда белгіленген нысандарда бақылау арқылы қанағаттандыруға бағытталған.

2. Ақпараттық қоғам қазіргі заманғы түсіндірмесінде ақпараттың экономикалық және технологиялық категория ретіндегі құндылығы мен қолжетімділігіне, сондай-ақ әлеуметтік қауымдастықты бағалаудың өлшемдерінің бірі ретінде негізделген қоғам деп анықталуы мүмкін. Дәлелденгендей, белгілі бір деңгейге жеткен цифрландыру қоғамның дамуына, басқару үдерістеріне және тиісінше құқыққа айтарлықтай ықпал ете бастайды. Құқық, өз кезегінде, белгілі бір салалық тиістілік шеңберінде құқықтық нормалардың және институттардың пайда болуы (немесе өзгеруі); құқықтық қатынастардың жаңа объектілерінің пайда болуы және сәйкесінше құқықтың жаңа салалары мен заңнаманың қалыптасуы арқылы әрекет етеді. Яғни, жаңа технологиялардың құқықтық материяға енуі құқыққа жаһандық тұрғыдан әсер етіп, оның жүйесін, нысанын және мазмұнын өзгертеді.

3. Мемлекеттік ақпараттық саясат ақпараттандырудың барған сайын тереңдеуіне қарай қоғамның қажеттіліктерімен өзара үйлеседі. Дәлелденгендей, қазіргі ақпараттық саясаттың негізгі бағыттары мыналар болып табылады: тұлғаның және қоғамның ақпараттық саладағы мүдделері, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласында; әлемдік жүйеге біріктірілген цифрлық экономика; құқықтық реттеуді тұрақты жаңарту; «электронды демократияны» ілгерілету; жасанды интеллект пен цифрландыруды қолдана отырып мемлекеттік реттеу әдістерін жетілдіру; ақпараттық (цифрлық) қылмысқа қарсы іс-қимыл; мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазіргі ақпараттық саясат ұлттық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде мемлекет,

бизнес және азаматтық қоғам институттарының барлығының тең құқықты негізде және серіктестік қағидатында өзара іс-қимыл тұтастығын қамтамасыз етуді талап етеді.

4. Дәлелденгендей, цифрландырудың ықпалымен атқарушы билік органдарының өкілеттіктерін іске асыру процесі, олардың бір-бірімен, сондай-ақ азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен қағидаттары трансформацияға ұшырайды. Бұл қоғам өмірінің жекелеген салаларын реттеу моделінің өзгеруіне және сервистік Үкімет қағидаттарына көшуге алып келеді.
Мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясы оның мазмұнының сапалық өзгерісі ретінде түсіндірілуі тиіс, оған жекелеген рәсімдер, мемлекеттік функциялар және басқару циклінің кезеңдері цифрлық технологияларды енгізу негізінде кіреді. Өзгерістердің сапалық сипаты мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін, тиімділігін және негізділігін арттыруды, сондай-ақ қоғамның қанағаттанушылығын көтеруді болжайды.

5. Елдің атқарушы билігінің цифрлық құралдарды енгізумен байланысты трансформациясының негізгі бағыттары айқындалды: әрбір атқарушы органның мақсаттары мен міндеттері ақпараттық функцияға баса назар аудару арқылы түзетілді; ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ мемлекеттің ақпараттық саясатын әзірлейтін және іске асыратын атқарушы билік органдары мен олардың бөлімшелерінің арнайы блогы қалыптастырылды.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органдары жүйесін қайта құрудың бүкіл процесін талдау негізінде оң қырлары айқындалды, сонымен қатар, цифрландыру мен жасанды интеллектіні қолдану мәселелері бойынша қолданыстағы құқыққа енгізіліп отырған нүктелік өзгерістер мен толықтырулар деректерге негізделген, яғни цифрлық мемлекеттік басқаруды енгізуде маңызды кедергі болып табылатыны атап өтілді.
Қазіргі уақытта іргелі құқықтық ғылым қоғамның қажеттіліктері мен пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне жеткілікті кепілдіктерді қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдіктің түбегейлі қағидаттарын қалыптастыруы тиіс, сондай-ақ мемлекеттік органдардың цифрландыру мен жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде келтірілген зиянды уақтылы өтеуді қамтамасыз етуі керек. Бұл ретте ең маңыздысы – құқықтың реттелетін қатынастарға рұқсат етілген, қажетті және жеткілікті ықпалының шектерін белгілеу.

7. Қаралып отырған қатынастардың негізгі объектісінің – «жаңа технологиялар» ұғымының әмбебап құқықтық категория ретіндегі құқықтық мәнін белгілеуде құқықтық анықтығының жоқтығы анықталды. Қолданыстағы құқық деректердің бүкіл өмірлік циклі бойындағы басқару мәселелерін реттеуі тиіс. Құпиялылық саясаты мен шектеулі қолжетімді ақпаратты қорғаудың фрагментарлығы, сондай-ақ пайдалануды және деректерді өңдеуді жүргізу рәсімдерінің жеткіліксіз регламенттелуі,

келісілмеуі (қайшылығы), осы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілеудің болмауы теріс салдарға әкеледі және әкелетін болады.

8. Қазіргі мемлекеттік басқаруды цифрландыру жасанды интеллект (ЖИ), үлкен деректер (Big Data) және бұлтты технологияларды пайдалануға бағытталған, бұл микро және макро деңгейлерде аналитикалық басқарудың жаңа деңгейіне көшуге мүмкіндік береді. Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінде ЖИ қолдану басым міндеттердің бірі болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесінде заманауи технологияларды, әдістерді, нысандарды және цифрлық шешімдерді пайдалану мемлекеттік билік органдары, бизнес және халық арасындағы өзара іс-қимыл үшін жаңа жағдайлар мен мүмкіндіктерді қалыптастырады.

Сонымен бірге, бұл этикалық та, құқықтық та сипаттағы елеулі тәуекелдерді алып келеді. Тиісінше, ЖИ-ді жауапты және этикалық пайдалану туралы нормативтік ережелерді қарастыру, ЖИ жүйелерінің ашықтығына қойылатын талаптарды белгілеу, сондай-ақ ЖИ әзірлеушілерінің олардың жүйелері жасаған туындыларға (мысалы, авторлық құқықпен қорғалатын контентті пайдалану кезінде) қатысты құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді бекіту орынды болып табылады. Авторлық контентті жасаушылар мен баспагерлердің құқықтары, ЖИ жасаған қызметтер мен контентке қатысты қоғамдық шағымдарды қарау тәртібі және басқа да мәселелер көрсетілуі тиіс. Цифрландыру және ЖИ қолдану саласындағы өзін-өзі реттеудің артып келе жатқан рөлі атап өтілді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы зерттеу нысаны мен пәнін ескере отырып қалыптастырылған зерттеу әдістерімен және эмпирикалық базамен айқындалады.

Зерттеу нәтижелері 2023 жылы мемлекеттік басқаруды цифрландырудың ғылыми мәселелеріне арналған *Electronic Government* журналында жарияланған мақалада көрініс тапты. Жүргізілген зерттеудің ғылыми нәтижелері Польша, Катовице қаласындағы Katowic Business University университетінде тағылымдамадан өту барысында апробациядан өтті. Цифрландыру және ақпараттандыру саласындағы диссертанттың елеулі практикалық тәжірибесі үлкен ықпал етті.

Диссертация материалдарының басылымдағы жариялану толықтығы. Ғылыми нәтижелер автордың 7 жарияланымында ұсынылған, оның ішінде: 1 мақала Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық басылымда, 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала халықаралық конференция материалдарында, 1 мақала отандық ғылыми-құқықтық журналда.